

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688
Жарлығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 29 қантардағы N 2837 Жарлығын жүзеге асыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 наурыз N 359.
Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688
Жарлығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 29 қантардағы N 2837 U962837_ Жарлығына сәйкес Мемлекеттік
элеуметтік сақтандыру қорын басқару жөніндегі функцияларды Қазақстан
Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беруге байланысты
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар күшін жойды - ҚРУ-нің 1996.12.26.

N 1634 қаулысымен.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының
Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісе отырып, халықты әлеуметтік
қорғаудың жергілікті органдарында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
істері жөніндегі бөлімшелерді құрсын, оларды ұстауға жұмысалатын шығыстар
тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

"Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы,
олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы
санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдері саны, еңбек ақы қоры және
қызметтік іс-сапарларға арналған шығындары туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 қаулысымен белгіленген
жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің жалпы саны мен еңбек ақы
қорына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын басқару үшін 2-қосымшаға
сәйкес халықты әлеуметтік қорғау органдары қызметкерлерінің қосымша адам
саны мен айлық жалақы қоры белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Кәсіподактар федерациясының, салалық және
тәуелсіз кәсіподактардың 1996 жылғы 1 қантардағы жағдайы бойынша
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының бар қаражатын, сондай-ақ осы
қордың белгіленген тәртіппен архивке тұрақты сақтауға өткізілмеген есептерін,
баланстарын, нормативтік актілерін, әдіснамалық материалдарын Қазақстан

Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беру ұсынысы қабылдансын.

5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры аппаратын орналастыру үшін Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ғимаратындағы үй-жайларды босату мақсатында, Кесіподақтар федерациясына Қазақстан Республикасы Мүгедектері ерікті қоғамын және фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтемақы төлеу жөніндегі Қазақстан Республикасындағы "Өзара түсіністік пен татуластық" украин ұлттық қорының өкілдігін көшіруге өздері орналасқан аланды беру ұсынылсын.

6. Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Еңбек министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қоры туралы ережені және Қордың қызметін ұйымдастыру үшін қажетті басқа да нормативтік актілерді бір ай мерзімде әзірлесін және бекітуге табыс етсін.

7.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ күшін жойды - ҚРУ-нің 1996.12.26.

N 1634 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 наурыздағы
N 359 қаулысын
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі орталық аппаратының
Кұрылымы

Басшылық
Зейнетакы қоры істері жөніндегі бас басқарма

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры істері жөніндегі бас
басқарма

Қаржы-экономика басқармасы

Зейнетақылық қызмет көрсетуді үйымдастыру басқармасы

Әлеуметтік көмекті үйымдастыру басқармасы

Протездеу және ақпараттық қамтамасыз ету істері жөніндегі
басқарма

Заң және үйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы

Бухгалтерлік есепке алу бөлімі

Аударма және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс басқармасы

Іс басқармасы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 27 наурыздағы

N 359 қаулысын

2-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын басқаруға
арналған халықты әлеуметтік қорғау органдары
қызметкерлерінің қосымша саны және еңбекақының
айлық қоры

Облыстардың атаулары		Қызметкерлер саны Еңбекақының айлық (бірлік)		коры
		теңге есебімен		

Ақмола	41	126625
Ақтөбе	43	128875
Алматы	33	101875
Атырау	27	83875
Шығыс Қазақстан	48	151125
Жамбыл	43	133375
Жезқазған	40	125125
Батыс Қазақстан	43	128875
Қарағанды	54	169625
Қызылорда	29	96250
Көкшетау	44	133000

Қостанай	55	170250
Маңғыстау	22	71125
Павлодар	50	155250
Солтүстік Қазақстан	36	109375
Семей	44	131875
Талдықорған	38	116125
Торғай	30	92500
Оңтүстік Қазақстан	64	199625
Алматы қаласы	36	117125

Барлығы 820 2541875

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК